

**«Баспана» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Акционерінің
шешімі**

Алматы қ.

2019 жылғы «28» мамыр

№ 9

**«Баспана» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы қызметінің кейбір
мәселелері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағына, 36-бабы 1-тармағының 7), 8) тармақшаларына, «Баспана» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысының 44-тармағы екінші бөлігінің 10), 11) тармақшаларына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының «Акционердің құқықтары бойынша өкілеттіктер беру туралы» 2019 жылғы 17 сәуірдегі № 184 бұйрығының негізінде іс-әрекет жасайтын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Есжан Амантайұлы Біртанов арқылы **ШЕШТІ:**

1. Қоса берілетін, «КПМГ Аудит» ЖШС тәуелсіз аудиторлық ұйымының есебімен расталған Қоғамның 2018 жылғы 11 маусымнан (құрылу күні) бастап 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге қаржылық есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамның (Алматы қ., Алмалы ауданы, Панфилов көшесі, 98-үй, БСН: 180640012505, БСК: NBRKKZKX, ЖСК: KZ68125KZT1002314499) 2018 жылғы 5 558 078 194 теңге (бес миллиард бес жүз елу сегіз миллион жетпіс сегіз мың бір жүз тоқсан төрт теңге) 61 тиын мөлшеріндегі таза кірісі Қоғамның Акционеріне дивидендтер төлеуге жіберілсін.

3. 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясы үшін дивидендтің мөлшері 272 (екі жүз жетпіс екі) теңге 27 тиын сомасында бекітілсін.

4. 2019 жылғы 1 маусым Қоғамның Акционеріне дивидендтер төлеуді бастау күні деп белгіленсін.

5. Қоғам жай акциялар бойынша дивидендтерді осы шешімнің 4-тармағында белгіленген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ақшалай нысанда Қоғам Акционерінің банк шотына қолма-қол ақшамен жасалмайтын аударым жасау арқылы төлесін.

6. Мыналар назарға алынсын:

1) «КПМГ Аудит» ЖШС тәуелсіз аудиторлық ұйымының Қоғамның 2018 жылғы 11 маусымнан бастап (құрылған күні) 2018 жылғы 31 желтоқсанға

дейінгі кезеңге қаржылық есептілігіне жүргізілген аудитінің қорытындысы жөніндегі есебі;

2) 2018 жылы Қоғамның және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне Акционердің өтініштерінің болмауы туралы ақпарат;

3) 2018 жылы Қоғамның Басқарма мүшелеріне берілген сыйақының мөлшері және құрамы туралы ақпарат.

7. Қоғам (Қ.Т. Алтынбеков) «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Қоғамның 2018 жылғы жылдық қаржылық есептілігін, сондай-ақ 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның Басқарма мүшелеріне берілетін сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

8. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі
Төрағасының орынбасары**



Е. Біртанов



**Решение Акционера
акционерного общества «Ипотечная организация «Баспана»**

г. Алматы

от «28» мая 2019 года

№ 9

**О некоторых вопросах деятельности
акционерного общества «Ипотечная организация «Баспана»**

В соответствии с пунктом 2 статьи 35, подпунктами 7), 8) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», подпунктами 10), 11) части второй пункта 44 Устава акционерного общества «Ипотечная организация «Баспана» (далее – Общество), Единственный акционер Общества, в лице Заместителя Председателя Национального Банка Республики Казахстан Биртанова Есжана Амантаевича, действующего на основании приказа Председателя Национального Банка Республики Казахстан от 17 апреля 2019 года № 184 «О делегировании полномочий по правам акционера», **РЕШИЛ:**

1. Утвердить прилагаемую финансовую отчетность Общества за период с 11 июня 2018 года (дата образования) по 31 декабря 2018 года, подтвержденную отчетом независимой аудиторской организацией ТОО «КПМГ Аудит».

2. Направить чистый доход Общества (г. Алматы, Алмалинский район, ул. Панфилова, д. 98, БИН: 180640012505, БИК: NBRKKZKX, ИИК: KZ68125KZT1002314499) за 2018 год в размере 5 558 078 194 (пять миллиардов пятьсот пятьдесят восемь миллионов семьдесят восемь тысяч сто девяносто четыре) тенге 61 тиын на выплату дивидендов Акционеру Общества.

3. Утвердить размер дивиденда по итогам 2018 года в расчете за одну простую акцию Общества в сумме 272 (двести семьдесят две) тенге 27 тиын.

4. Определить 01 июня 2019 года датой начала выплаты дивидендов Акционеру Общества.

5. Обществу произвести выплату дивидендов по простым акциям в денежной форме путем безналичного перечисления на банковский счет Акционера Общества в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты, определенной в пункте 4 настоящего решения

6. Принять к сведению:

1) отчет независимой аудиторской организации ТОО «КПМГ Аудит» по итогам проведенного аудита финансовой отчетности Общества за период с 11 июня 2018 года (дата образования) по 31 декабря 2018 года;

2) информацию об отсутствии в 2018 году обращений Акционера на действия Общества и его должностных лиц;

3) информацию о размере и составе вознаграждения членов Правления Общества за 2018 год.

7. Обществу (Алтынбеков К.Т.) в порядке и сроки, установленные Законом Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг» и нормативным правовым актом уполномоченного органа обеспечить размещение годовой финансовой отчетности Общества за 2018 год, а также информации о суммарном размере вознаграждения членов Правления Общества по итогам 2018 года на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности

8. Настоящее решение вступает в силу со дня его подписания.

**Заместитель Председателя
Национального Банка
Республики Казахстан**



Е. Биртанов

